Анықтама

Тақырыбы: «Кітап атауымен жауап бер»

Түрі: танымдық тренд-бейнеролигі

Мақсаты: Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, көркем әдебиетке деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту және оқырмандық мәдениетін жетілдіру.

Кейде бір сұраққа жауап беру үшін бір ауыз сөз жеткілікті. Ал кейде сол жауапты тұтас бір кітаптың атауы айтып тұрады. Мектебіміздің оқушылары “12 айға - 12 кітап” жобасы аясында кітап атауларын пайдаланып, қойылған сұрақтарға ерекше форматта жауап берді. Бұл трендтің мақсаты - тек көңіл көтеру емес, оқушылардың кітап әлеміне қызығушылығын арттырып, оқыған шығармаларын еске түсіруге және кітаппен жақын дос болуға жетелеу. Бейнероликтің басты ерекшелігі – күнделікті қойылатын қарапайым сұрақтарға кітап атаулары арқылы ерекше әрі мағыналы жауап беру. Оқушылар тапсырманы қызығушылықпен орындап, кітаптардың атауларын орынды қолдану арқылы өздерінің ұшқыр ойлары мен тапқырлықтарын танытты.

Аталған жұмыс оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын оятып қана қоймай, әдеби шығармаларды жаңаша қырынан танып-білуіне ықпал етті. Сонымен қатар заманауи трендтерді кітап оқуды насихаттаумен ұштастыру оқушылардың белсенділігін арттырды.

«12 ай – 12 кітап» – жай ғана жоба емес, бұл – рухани дамуға бастайтын жол! Әр оқылған кітап – жаңа ой, әр жаңа ой – жарқын болашаққа жасалған қадам. Кітап оқиық, бірге дамиық, білімді ұрпақ болайық!







https://www.instagram.com/reel/Detrq4GMi6L/?cplk=MXhkb3Boemt1d3hqaw==